

"2020-2022 жылдарға арналған Шәкен ауылдық округінің бюджеті туралы" Қазалы аудандық мәслихатының 2019 жылғы 26 желтоқсандағы №371 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2020 жылғы 18 мамырдағы № 420 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 20 мамырда № 7434 болып тіркелді. Мерзімі біткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Кодексінің 109-1-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 2-7-тармағына сәйкес Қазалы аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "2020-2022 жылдарға арналған Шәкен ауылдық округінің бюджеті туралы" Қазалы аудандық мәслихатының 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 371 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 7094 нөмерімен тіркелген, 2020 жылғы 9 қаңтарда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2020-2022 жылдарға арналған Шәкен ауылдық округінің бюджеті 1, 2, 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2020 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 45141 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 1512 мың теңге;

трансферттер түсімдері – 43629 мың теңге;

2) шығындар – 45141 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0;

бюджеттік кредиттер – 0;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0;

қаржы активтерін сатып алу – 0;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – 0;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану) – 0."

2-тармақтың 1) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"1) әкім аппараттары қызметін қамтамасыз ету шығындарына 4465 мың теңге."

Аталған шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Қазалы аудандық мәслихатының
кезектен тыс ІІІ сессиясының төрағасы

Ғ. ӘЛІШ

Қазалы аудандық
мәслихат хатшысы

К. НАЗЫМБЕКОВ

Қазалы аудандық мәслихатының 2020
жылғы 18 мамыры №420 шешіміне
қосымша

Қазалы аудандық мәслихатының 2019
жылғы 26 желтоқсаны №371 шешіміне
1-қосымша

2020 жылға арналған Шәкен ауылдық округінің бюджеті

Санаты		Сыныбы		Сомасы, мың тенге
		Кіші сыныбы	Атауы	
			1. Кірістер	45141
1			Салықтық түсімдер	1512
	04		Меншікке салынатын салықтар	1512
		1	Мүлікке салынатын салықтар	5
		3	Жер салығы	21
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	1486
4			Трансферттердің түсімдері	43629
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	43629
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	43629
Функционалдық топ				
			Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	
			Бағдарлама	

			Атауы	
			2. Шығындар	45141
1			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	26441
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	26441
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	26291
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	150
5			Денсаулық сақтау	179
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	179
		002	Шұғыл жағдайларда сырқаты ауыр адамдарды дәрігерлік көмек көрсететін ең жақын денсаулық сақтау ұйымына дейін жеткізуді ұйымдастыру	179
7			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	4550
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	2537
		014	Елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру	2537
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	2013

		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	1062
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	250
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	701
8			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	12778
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	12778
		006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау	12778
12			Көлік және коммуникация	1193
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1193
		013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	1193
			3. Таза бюджеттік кредиттеу	0
			Бюджеттік кредиттер	0
			Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
			4. Қаржы активтері мен операциялар бойынша сальдо	0
			Қаржы активтерін сатыпалу	0
			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0

		5. Бюджет тапшылығы (профициті)	0
		6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК